

Коммуналдық қызметке төлеуге материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXIII сессиясының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 209 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 қаңтарда N 8-5-85 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2011 жылғы 18 қазандағы N 378 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2011.10.18 N 378 шешімімен.

2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына және қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы XXIII сессиясының N 203 "2010-2012 жылдарға арналған қала бюджеті туралы" шешіміне сәйкес, қалалық Мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Коммуналдық қызметке Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне және Қаражал қаласының Құрметті азаматтарына - 100 % материалдық көмек көрсету мақұлданды.

2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Гармашова Н.Н.):

1) материалдық көмекті тағайындау және төлем алушылардың жеке есеп шотына аудару жұмыстарын қамтамасыз етеді;

2) бір айлық төлемақы мөлшерін бір адам басына тұтыну нормасы бойынша анықтайды, оның ішінде:

электр қуаты үшін қызмет көрсетушінің бастапқыда бекітілген тарифі бойынша, 150 киловатт сағаттан артық емес;

суық су мен канализация үшін, қызмет көрсетушілер бекіткен тарифтер бойынша;

қоқыс шығару үшін, қызмет көрсетушілер бекіткен тарифтер бойынша; жылу беру үшін, қызмет көрсетушілер бекіткен тариф бойынша, 18 шаршы метрден артық емес, жалғыз басты тұратындарға 30 шаршы метрден артық емес;

көмір үшін - 1 шаршы метрге 225 килограмм, 18 шаршы метрден артық емес, жалғыз басты тұратындарға 30 шаршы метрден артық емес, өңірде қалыптасқан

тоқсандық орта статистикалық бағамен;
газ үшін, орта статистикалық мәлімет бойынша, бір айға 1 баллон (27 литр).

3. Қаражал қалалық Мәслихатының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 39 " Коммуналдық қызметке төлеуге материалдық көмек көрсету туралы" шешімінің (2008 жылғы 08 ақпандағы нормативтік құқықтық кесімдер мемлекеттік тіркеудің тізімінде тіркеу нөмірі 8-5-48, 2008 жылғы 16 ақпандағы "Қазыналы өңір" газетінің 7 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық Мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (С. С ы р т а н б е к о в) жү к т е л с і н .

5. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*ХХІІІ сессияның төрағасы,
қалалық Мәслихаттың хатшысы Н. Кәдірсізов*